




МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қадірлі отандастар!
Құрметті Ассамблея мүшелері!
Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.

Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа си-



патына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Прези-

дент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау

мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды.

Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі жемісті сұхбат, яғни, диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

(Басы. Жалғасы 2 - 3 беттерде)

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі

АУДАН ӘКІМІ ТЫНЫШБАЕВ БЕРІК ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ақсулықтар!

Сіздерді мамыражай мамырдағы Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын.

Бұл күн азамат ынтымақтастығын ту етіп көтеріп, өзара бауырмалдық, татулықта тұрып жатқан барша қазақстандықтар үшін ортақ қуанышты мереке.

Қазақстан - кең байтақ жері мен қонақжайлылық ықыласы тағдыр тәлкегіне ұшыраған жүздеген ұлт пен ұлыстың екінші Отанына айналғаны аян. Біз бүгінгі таңда елімізде достық пен өзара ынтымақтастықтың, бейбітшілік пен рухани келісімнің сақталып отырғанын мақтан тұтамыз. Еліміздің болашаққа негізделген сындарлы саясатын жүзеге асыруға және халықтың тұрмыстық деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін Ел Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың Жолдауын ақсулықтар бір адамдай қолдауда. Осындай серпілістен кейін 1 мамыр мерекесін жерлестеріміз жоғары көңіл - күймен қарсы алып отыр.

Олай деріміз, ауданымызда өндірістің бар саласы бойынша алға басу байқалады. Оған Ақсу жұртшылығының әрқайсысы өз үлесін қосуда.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді көгілдір көктемдегі ынтымақ мерекесімен шын жүректен құттықтап, барлықтарыңызға зор денсаулық, көтеріңкі көңіл - күй тілеймін. Алға қойған арман – мақсаттарыңызға жетіңіздер. Еліміздің аспаны ашық болып, бейбітшілік туы ерқашан желбірей берсін.

Отбасыларыңызға береке – бірлік болсын!

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ БЕЙБІТ СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫ!

Сіздерді аудандық мәслихат депутаттары мен қызметкерлері атынан 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтаймын!

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін өркениетті әлемге татулығы жарасқан ел ретінде танылды. Бір шаңырақ астындағы мемлекетіміз өркендеп, ілгері басуда.

Егемен еліміз бүгінде ырысты ынтымақ пен берекелі бірліктің мерейлі мекені.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлтаралық келісім мен пайымды парасаттылыққа негізделген үйлесімді саясатын халықаралық қауымдастық жоғары бағалауда.

Бүгінде ауданымыздағы әр салада қаншама өзге ұлт өкілдері де қызмет жасайды. Бір үйдің баласындай татулықты ту еткен бауырластар аудан экономикасының өркендеуі мен әлеуметтік ахуалының жақсаруына атсалысып келеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз! Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір аудан азаматының міндеті болып табылады.

Халқымыздың ынтымақтастығы мен өзара ауызбіршілігі нығаюда. Алда да Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы достыққа сызат түспесе екен деп тілейміз. Ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, достық, бірлік мәңгі жасай берсін! Еліміз аман, халқымыз тыныш болсын!

Баршаңызға мықты денсаулық,



отбасыларыңызға жақсылық, татулық, ынтымақ, шаңырақтарыңызға бақыт, шаттық, ортамызға береке – бірлік, еңбектеріңізге табыс тілеймін!



1
МАМЫР
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІМЕН
ШЫН ЖҮРЕКТЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде.

Бүгін әріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатынын айтты. Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдар мыңдаған жастарымыз үшін нағыз бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік мектебіне айналды. Осы қозғалыстардың әрқайсысы елімізде жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып жатыр.

Этносаралық түсініспеушіліктердің алдын алуда маңызды рөл атқаратын ҚХА-ның этномедицина институтына тоқталғым келеді.

Соңғы уақытта Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр.

ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірақ нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

Былыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы, ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Өлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз күе болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат.

Ассамблея қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсене атсалысып келеді. Александр Папп Ассамблеяның Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге белсене кіріскенін атап өтті.

Өткен жылы Еңбек күнінде Сенат пен Мәслихат депутаттары Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Бұл бастаманы Еңбек күнін атап өтудің жаңа дәстүрі ретінде быыл да жалғастыруға болады. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемде-кем. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр.

Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Прокоп, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьёва, Вадим Басин, Александр Хмельов, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар – бүгінгі заманның адал азаматтары. Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар. Ассамблеяны жанауыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспалдақ деуге болады.

Этномәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық белсенді азаматтарына шынайы алғысымды айтамын.

Туған жерге пайдасын тигізсем деген алғаусыз ниетті өмірінің мәніне айналдырған олар нағыз отаншылдық пен адал азаматтың үлгісін көрсетті.

Ассамблея Төрағасының қоғамдық орын-басарлары ретінде жыл бойы лайықты



еңбек еткен Лугмар Харкиевич Буларов пен Юрий Германович Шинге ризашылығымды білдіремін. Ассамблея Төрағасының орын-басарлары болып жаңадан тағайындалған Дмитрий Валерьевич Останкович пен Расул Сурмалиевич Ахметов – қоғам құрметтейтін абыройлы азаматтар. Олардың білімі мен білігі Ассамблеяға үлкен пайдасын тигізеді деп сенемін.

Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылды. Алайда бүгінгі мерейтойлық жиында Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өткім келеді. Ассамблея – мемлекеттімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз. Мен 2022 жылы Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Оның мерзімі де аяқталып келеді. Сондықтан жаңа құжатты дайындау жұмысына қазірден бастап кірісу керек, яғни, 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау қажет. Тұжырымдаманың жобасында қоғамды ұйыстырып, үйлесімді дамуға жол ашатын жаңа әдіс-тәсілдер көрініс табуы керек. Сондай-ақ Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностардың құқықтарын қорғауға арналған негізгі қағидаттар көрсетілуге тиіс.

Үкімет этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жан-жақты сараптап, оның тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс енгізуі қажет. Жалпы, ұлт бірлігін нығайтуда барлық мемлекеттік және қоғамдық механизмдерді жетілдіруді жалғастыру керек.

Енді бірқатар маңызды міндеттерге қысқаша тоқталайын.

Біріншіден, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Былыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Бұл ғимарат аймақтың қоғамдық өмірі үшін өте маңызды орталық болмақ. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Ассамблея ашу керек. Сонымен қатар Достық үйлері тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарланып отыр. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беріміз керек. Барлық аймақтағы Достық үйлерін өз азаматтарымыз да, қажет болып жатса, шетелдік қонақтар да баратын туристік бағыттар картасына енгізген жөн. Құзырлы орган басшылары мен әкімдер Ассамблеяның этномедицина саласындағы жұмысына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс. «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен әкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек.

Екіншіден, ақпараттық кеңістікте бірлік пен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер

клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

Үшіншіден, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері – Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуға тиіс.

Қазақстанда 9 орыс драма театры табысты жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ ерекше төрт этнос театры, яғни, ұйғыр, корей, өзбек және неміс театрлары көрерменнің көзайымы болып жүр. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Алматыда бөрінің басын қосып, Қазақстан этностары театр өнерінің фестивалін өткізсек болады. Халық көп келеді деп ойлаймын.

Наталья Дубс ханым театр мен мәдениет саласына техникалық мамандарды даярлау мәселесін орынды көтеріп отыр. Бұл бастаманы зерттеп, оны жүзеге асыруға көмектесу қажет.

Соңғы жылдары еліміздің саяси-идеологиялық келбеті түбегейлі өзгерді. Экономикада жүйелі реформалар қолға алынды. Ең бастысы, қоғамның сана-сезімі өзгере бастады. Соңғы жылдары саяси оқиғаларға баға беру тұрғысынан халқымыздың көзқарасы да жаңа сипатқа ие болды. Алға қарай адымдап қадам басты деуге болады. Біз заманауи және алдыңғы қатарлы қоғамға айналдық. Мұның бәрі біздегі қоғамдық келісім үлгісіне де тың талаптар қояды. Кеше ғана тиімді саналған әдіс-тәсілдер бүгін жарамсыз болуы мүмкін.

Бізге ескіліктің ізіне қайта түспеу үшін барлық жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізді таразы басына қойып, зерделеу қажет. Ең әуелі, Ассамблея қызметінің мәні мен мазмұнын қайта қараған жөн. Менің түсінігімде Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық жұмысына бағыт беретін стратегиялық штабқа айналуы керек.

Аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ұлтаралық қарым-қатынас сияқты маңызды әрі нәзік салада, жалпы идеология бағытында атқарылып жатқан ауқымды істерді жаңа мазмұнмен толықтыратынына сенімдімін. Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі және солай болып қала береді. Қазақстанда келісім, төзімділік, достық ұғымдары құр ұран емес, азаматтардың күнделікті өмір салтына айналған құндылық. Ауқымды қақтығыстар, сауда соғыстары, адам өмірінің құнсыздануы кезеңінде бейбітшіліктің қадірі ерекше арта түсті. Өйткені, бұл – дамудың басты келісі. Барлығымыз қал-қадерімізше бейбітшілікті сақтауға атсалысамыз. Мен бұған дейін барлық әкімдерге тұрақты түрде этносаралық, ұлтаралық келісім мәселесіне арналған жиналыс өткізіп тұруды тапсырдым. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы маңызды саланы жіті назарда ұстауы керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл – мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы.

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік,

әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге еліктеп, жан-жағымызға жалтақтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық әдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болу керек.

Соның арқасында біздің елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім үлгісі шын мәнінде біздің халықаралық «брендiмізге», беткеуістар жетістігімізге айналды.

Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мығымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымна немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Әрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты. Бұл жөнінде журналист Алла Гаврина дұрыс пікір айтты. Меніңше, ол басқа да әріптестерінің атынан өте жақсы ұсыныс білдірді.

Бүгінде түлектердің 80 пайызға жуығы Ұлттық бірыңғай тестілеуді мемлекеттік тілде тапсырады. Быыл алғаш рет мектепке баратын балалардың 70 пайыздан астамы қазақ тілінде оқитын болады.

Әрине, елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлемеге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үй ішіндегі ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын арандатушылар туралы да айтып отырымыз.

Былыр мен Ұлттық құрылтай отырысында бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім мемлекетіміздің негізгі құндылықтары деп атап көрсеттім. Бәрі де осы құндылықтардан басталады. Сондықтан осы жерде тағы да қайталап айтқым келеді: халқымыздың татулығын бұзып, ел ішіне ірікті салғысы келетіндер заңға сәйкес қатаң түрде жауапқа тартылады, тиісті жазасын алады. Ал ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосқан азаматтар әрдайым зор құрметке ие болады.

Күріш пен күрмекті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жіркеністі қорлауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатушы жолын кесіп келеміз, бұдан әрі де қатаң тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігінің жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі әр істен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпасақ болмайды. Бұл Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті, мемлекеттік органдарды бопсалайтын бұрынғы азаматтарымыздың әрекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаны ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн.

Жақында шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың әрекеттері әшкереленді. Сонда олардың арам ниеті, ашкөздігі мен Қазақстанға жаны ашымайтыны анық көрінді. Сондай-ақ кейбір танымал грант алушы отандастарымыздың көлеңкелі әрекеттері де белгілі болды. Қазақстанда проблема жоқ демейміз. Әрине, басқа елдердегідей бізде де түйткілдер бар. Бірақ біз оны әлдекімдердің үйретуімен немесе әдістемесімен емес, өзіміздің ұлттық мүддеміз бен заңнама аясында шешеміз. Осындай қисынды әрекеттерімізді халқымыздың басым көпшілігі мен ниеті адал халықаралық серіктестеріміз дұрыс түсінетініне сенімдімін. Идеологиялық өшпенділік – біздің дүниетанымымызға мүлде жат. Дәстүріміз бен құндылықтарымыз, бол-

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



мысымыз бен өмір салтымыз ұлтымызды біртұтас тарихи-мәдени және саяси қауым ретінде біріктіріп, тұтастығын бекемдейді.

Көк паспортымыз ұлттық бірегейлігіміздің айқын нышанына айналды. Жыл өткен сайын төлқұжатымыздың абырой-беделі көтеріліп келеді. Бұл халықаралық қауымдастықтың бізге деген қызығушылығы артып, еліміздің ықпалы күшейе түскенін көрсетеді. Әр құрлықтағы түрлі мемлекеттің азаматтары тұрақты тұру немесе демалу үшін біздің елді жиі таңдайтын болды. Бұл – кездейсоқтық емес. Қазақстан беделді халықаралық рейтингтердегі қауіпсіздік индексі бойынша айналамыздағы көптеген мемлекеттердің бәрінің дерлік алдында тұр. Ал заң үстемдігі индексында «Тәртіп пен қауіпсіздік» көрсеткіші бойынша, 142 елдің ішінен 43 орынға табан тіреді.

Мұның бәрі Қазақстанды жайлы әрі өмір сүруге қауіпсіз аумаққа айналдыруға бағытталған күш-жігеріміздің нәтижесі. Қастерлі Отанымызды көркейту – баршаға ортақ парыз. Менің бастамамен былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан астам адам қатысты. 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналды. 3,3 миллион көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан», бұл – біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің кепілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Біз әр азаматтың, әсіресе, жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек. Таза я тазалық, бұл – киелі сөздер. Ары таза адам ешқашан елін сатпайды. Біз «Қазақстан – ортақ үйіміз» деп үнемі айтамыз. Сондықтан еліміз таза, тартымды, мәдениетті болуы керек. Ассамблея бұл идеяны жан-жақты дәріптеп келеді. Бұл – өте тиімді әрі пайдалы жұмыс. Тазалық әр үйден басталуы керек. Сонда ғана «Таза Қазақстан» боламыз. Кішкентай кезінен тазалыққа үйренген бала кейін жауапкершілігі жоғары, саналы азамат болып өседі. Елге жанашыр болады. Сондықтан бүгін мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін, барлық этномәдени бірлестіктерді «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына белсене қатысуға шақырамын. Бұл – жай науқан емес, бұл – өскелең ұрпаққа озық білім мен тәлім-тәрбие беру деген сөз.

Еліміздегі барша азаматқа қатысы бар идеологиялық маңызды іске әр қаланың, ауылдың, көшенің және ауланың тұрғындарын жұмылдыру керек. «Таза Қазақстан», бұл – шынайы отаншылдықтың көрінісі. Бәріміз Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүргіміз келеді.

Қазақстан – тағдырдың жазуымен шетте туып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі ана тілі мен ата дәстүрін берік ұстанып келеді. Ел бірлігі – ең алдымен, күллі қазақтың бірлігі. Екіншіден, ел бірлігі – қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың бірлігі. Біз бұл туралы үнемі айтамыз.

Кезінде Қазақстанға миллиондаған адам жер аударылды. Халқымыз олардың ешқайсысын жат көрмей, бауырына басты. Сол буыннан тараған миллиондаған адам – қазір Қазақстанның толыққанды адал азаматтары. Олар мемлекетімізді дамытуға зор үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүр.

Қазақ жұрты егемендігін алған соң қандастарымыздың елге қайтуына жол ашылды. Қазақстаннан да көптеген адам өзінің тарихи атамекеніне оралды. 4 миллионға жуық отандасымыз Германияға, Польшаға, Израильге және басқа елдерге көшті. Бірақ олардың көбі қазақ жұртының жақсылығы мен қамқорлығын ұмытпайды. Қазақстанның туын төріне іліп, елге деген сағынышын көрсетіп отырады. Қазақша сөйлеп, қазақша ән айтып, қазақтың салт-дәстүрін ұстанады. Жыл сайын Наурыз мейрамын атап өтеді. Барша Қазақстан азаматтары, шетелде тұрып жатқан барлық отандасымыз – бәрі де бір үлкен отбасы деуге болады. Отбасы құндылықтарын нығайту – тұрақты және үйлесімді қоғамның негізі, еліміздің жарқын болашағының кепілі. Жан-жақты дамыған тұлға да, жауапкершілігі зор азамат та, Отанға деген сүйіспеншілік те отбасында қалыптасады. Біз еліміздің әр шаңырағы, әр азаматы тойлайтын мерекеге құрметпен қарап, кеңінен дәріптеуіміз керек. Міне, сондай нағыз халықтық мерекелердің бірі, бұл – Наурыз мейрамы. Биыл жаңа тұжырымдамаға сай біз Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өттік. Көктемгі көңіл-күй мен мызғымас бірлік мерекесі еліміздің әр аймағында тойланды. Осылайша, біздің қоғамда жасампаз жаңа дәстүрлер қалыптасып, орнығуда.

Бірер күн бұрын достық пен бірлік рухында Пасха мерекесін атап өттік. Шуақты мереке қарсаңында митрополит Александр Қазақстандағы қызметіне 15 жыл толуына орай жоғары мемлекеттік награда – I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Биыл православ және католик қауымдарының Пасха мейрамы қатар келді. Мұның символдық мәні зор. Бұл – сирек қайталанатын құбылыс. Орайлы сәтті пайдалана отырып, еліміздегі

барша христиандарды осынау мерекемен тағы да құттықтаймын. Шетелдік қонақтар Қазақстанда түрлі салт-дәстүрдің бір-бірімен үйлесім тапқанына таң қалады. Бұл олар үшін мультикультурализм және мультиэтникалық тұжырымдамалар тоқырауға ұшырап, тіпті, жоққа шығарылып, батыс әлемі жаһанданудан бас тартып, оқшаулануға қадам басып жатқан кезеңде қайран қаларлық құбылыс. Біздің іс жүзіндегі тәжірибемізден мәдениетті жатсынбайтын бірегей болмысымызды аңғаруға болады. Діліміз бен тұрмыс салтымыздың бір бөлігіне айналған нағыз халықтық мейрамдарға баса назар аударуымыз қажет. «Наурыз», «Масленица», «Сабантой» және басқа да халықтық мерекелер ас ішіп, аяқ босата-тын, көңіл көтеретін ғана емес, ұлтымыздың рухы мен тарихын көрсететін іс-шаралар. Қазақстандағы көптеген этностың дәстүрі, тілі, әдет-ғұрпы осы жиындарда тоғысады. Бұл – «Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидаттың нақты көрінісі.

Қазақ қашанда көршісін қадірлей білген. Қуанышта да, қиындықта да көршісіне сүйенген, көршінің қасынан табылған. «Көрші ақысы – тәңір хақысы» деген ұғым дінімізде және дәстүрімізде бар. Бұл – бізге атадан қалған өсиет, анадан берілген қасиет. Халқымыздың тату көршілік дәстүрі әлі де жалғасып келеді. Қоныстас адамдар ұлтына, дініне, тіліне қарамастан араласып, құраласып жатады. Қазақстан көрші мемлекеттермен достықты нығайта түсуге айрықша мән береді.

Ресей – Қазақстанның бұрыннан келе жатқан негізгі стратегиялық серіктесі әрі сенімді одақтасы. Қытай елімен ықпалдастық тамыры да тереңде жатыр. Қытай халқы қазақ халқына ешқашан зиян келтірген жоқ, болашақта да зиян келтірмейді. Алатауды тең жайлаған қырғыздар – бір туған бауырларымыз. Ежелден еншілес өзбек ағайынды өз ағам деп қадір тұтамыз. Түбіміз бір деп түрікмендерді туыс санап, шын жүректен құрметтейміз. Қарт Каспийдің жағасындағы әзербайжан еліне деген ықыласымыз да ерекше. Бір сөзбен айтсақ, көрші елдермен қарым-қатынасымыз бауырластық рухында дамып келеді. Біздің арамдыда түйткілді мәселе жоқ. Қазақстан мен Ресей құрлықтағы ең ұзын шекараны әуел бастан дау-дамайсыз шегендеп алды. Жақында Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан ұзақ жыл бойы шешімін таппаған шекара мәселесі бойынша ортақ мәмілеге келіп, тарихи келісімге қол қойды деп айтуға болады. Біз бауырлас елдер үшін қуанамыз, оларды әрдайым қолдаймыз.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ауызбіршіліктің қадірі арта түскені сөзсіз. Бейбітшілік пен тұрақтылық – тағдырдың бізге бере салған сыйы емес. Бұл – бір ел, бір халық болып атқарып жатқан қажырлы еңбектің жемісі. Біз сындарлы сәтте жұрт болып жұмыла білеміз. Бұған былтыр Ақтау маңында ұшақ апаты болғанда тағы бір мәрте көзіміз жетті. Азаматтарымыз зардап шеккен адамдардан көмегін аяған жоқ. Кезекте тұрып, қан тапсырды. Әзербайжан Елшілігіне барып, гүл шоқтарын қойды. Бүкіл әлем халқымыздың ұйымшылдығы мен жанашырлығына тәнті болды. Халқымыздың жүрегі – кең, пейілі – ақ, ниеті – таза. Мейірімділік, қамқорлық және тілеуестік – біздің ұлттық ерекшелігіміз. Біз осы құндылықтарымызды сақтап, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек.

Құрметті сессияға қатысушылар! Қадірлі отандастар!

Енді екі аптадан кейін әлемдік маңызы бар тарихи оқиға – Ұлы Жеңіске 80 жыл толады. Біз бұл мерейтойды кең көлемде атап

өтеміз. Қазақстанның майдангерлері мен тыл еңбеккерлері – барша халқымыз Отан үшін отқа түсті.

Ұлы Жеңістің тағылымы барша халыққа, әсіресе, саясаткерлерге ксенофобияға, нәсілдік және ұлттық үстемдікке, халықаралық құқық қағидаттарын құрметтемеуге құрылған жауапкершіліктен жұрдай саясат жүргізудің салдары қандай қасіретке әкелетінін әлі күнге дейін көрсетіп отыр.

Бірер күн бұрын менің тапсырмаммен Республикалық ономастикалық комиссия елді мекендердегі 500-ден астам көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қаһармандардың есімін беру туралы шешім қабылдады. Ең алдымен, жаңа және ата-уы қайталанатын көшелерге басымдық беріледі. Бұл шешім – Ұлы Жеңісті, оған қатысушыларды қаншалықты қадір тұтатынымызды көрсететін маңызды қадам.

Ұлы Жеңіс туралы ұмытпау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда сақтау, олардың жанқиярлық еңбегі мен ерлігін, парызға адал және антқа берік болғанын ұмытпау деген сөз. Біз сол сұрапыл соғыс кезінде теңдессіз батырлық пен батылдық көрсеткен отандастарымызды әрдайым орасан зор құрметпен есте сақтаймыз. Мен Жеңістің 80 жылдығына дайындық туралы осыдан бір жарым жыл бұрын алдын ала айттым. Соған сәйкес біз «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» жоспарын арнайы қабылдап, жүзеге асыра бастадық. Осы ауқымды жұмыстың аясында екі мыңнан астам мәдени, ғылыми-зерттеу, ағарту және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Ең бастысы, әрине, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз. Ұлы Жеңістің мерейлі датасын атап өтуге арналған іс-шаралар легі ауқымды әскери шеруге ұласады. Түптеп келгенде, бұл әскери шерудің мән-маңызы зор болмақ. Себебі мұны бір жағынан майдангерлер мен тыңгерлерге тағзым десек, екінші жағынан қазіргі күрделі геосаяси ахуалда ұлттық рухымыздың мықтылығын көрсететін символ деуге болады.

Екіншіше қарай, дүние жүзі сенім дағдарысымен бетпе-бет келген шақта экстремистік идеологияның оралуы, популизм мен талас-тартыстың өршуі, халықаралық құқықтың құнсыздануы, негізгі халықаралық институттардың әлсіреуі байқалады. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысын қатаң ұстануды, Ұйымды реформалауды дәйекті түрде ұсынып келеді. Қазіргі жағдайда БҰҰ баламасы жоқ ғаламдық ұйым болып қала береді. Сондықтан біз БҰҰ-ны қолдаймыз. Еліміз түрлі мемлекеттер мен аймақтардың арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, өркениетті диалогты дамытуға дәнекер болу үшін көп күш жұмсап келеді. 20 жылдан аса уақыттан бері барлық негізгі конфессиялардың өкілдері әр үш жыл сайын Қазақстанда бас қосады. Биыл күзде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті VIII съезін өткізу жоспарланып отыр.

Былыт Астанада Съездің Ізгілігі елшілері сайланды. Олар адамгершілік идеяларын ілгерілетіп, әлемде диалог пен өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді. Халықаралық қатынастардағы сенімсіздікті еңсеру үшін рухани дипломатиядан бөлек, ҚХА қызметімен ұштасып жатқан халықтық дипломатияның да мол әлеуетін пайдалану керек. Әртүрлі ел мен мәдениет өкілдерінің арасындағы достық байланыс қақтығыстар мен соғыстардың алдын алады. Бұл – ең тиімді тәсіл. Қазақстан халқы Ассамблеясы әлемдегі диалог пен мәдени әралуандықты нығайтуға қызмет етеді. Бүгінде әлем жалпыға ортақ өрлеуге

бағытталған жасампаз күн тәртібі мен үлкен жобалардың тапшылығын қатты сезініп отыр. Қазақстан барлық серіктесімен көпжоспарлы әрі нәтижелі жұмысқа ден қояды.

Берекесіздікке бой алдырмау үшін әлемдік қауымдастық мүдделер тоғысатын тұсты іздеуге, күрделі шешімдер қабылдауға және амалсыз мәмілелер жасауға мәжбүр болады. Диалог жоқ жерде, қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді ауқымды халықаралық ықпалдастық арқылы ғана және аламыз деп сенемін. Өзара біте қайнасқан әлемде ғаламдық мәселелерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ. Сондықтан прагматизм мен өзара құрметке, теңдікке, әділдікке, ешкімді алаламауға негізделген сындарлы келіссөздер мен тұрақты байланыстар халықаралық жағдайды оңалтып, шиеленістердің түйінін тарқатады.

Қазір бүкіл әлемнің болашағы бұлыңғыр болып тұр. Осы алмағайып заманда стратегиялық бағдарымызға сай әрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Біз қолға алған ауқымды жобаларды жүзеге асыра береміз. Елімізге инвестиция тартып, өнеркәсіп саласындағы әлеуетімізді арттырамыз. Біз қазіргі ахуалды ескере отырып, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін тиянақты әрі тиімді жұмыс істеуіміз керек.

Тағы бір мәселе. Қазіргі күрделі жағдайды жеке мүддесіне пайдаланғысы келетін түрлі популисттер мен саясаткерсимақтар бар. Ел мүддесіне қастық ойлаған ондай адамдарға тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Алда күрделі кезең келе жатыр. Оңай болмайды. Бірақ алаңдауға еш негіз жоқ.

Мен көп жағдайда «Бұл қиындық та артта қалады» деп ашық айтамын. Сол сөзімді осы жерде тағы қайталағым келеді. Біз сын-қатердің бәрін еңсеріп келеміз. Бұл жолы да солай болады. Ең бастысы, барынша жинақы болып, нақты нәтижеге ұмтылуымыз керек. Кез келген ауқымды дағдарыстан кейін зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол мүмкіндіктерді дер кезінде әрі дұрыс пайдалану қажет. Өз күшімізге ғана арқа сүйеп, барлық ресурсты ортақ мақсатқа жұмылдыруымыз керек. Бос сөзге ұрынып, байбаламға салынбай, жасампаз болғанымыз абзал. Әр азаматтың бойында жауапкершілік сезімі өте жоғары болуға тиіс. Қоғамда өзара тілеуестік болуы керек. Әр істе темірдей тәртіп болуы қажет. Сонда еліміз де орасан зор табысқа жетеді. Баршаңызға мәлім, Заң мен тәртіп – менің стратегиялық бағдарымның арқауы.

Мен әр сөйлеген сөзімде осы қағидаттарға арнайы тоқталамын. Таза Қазақстан, Заң мен тәртіп, Адал азамат идеяларының өзегі де – осы.

Құрметті Ассамблея мүшелері!

Кейбір мемлекеттер үшін этникалық әралуандылық сын-қатердің, сенімсіздік пен тезбеушіліктің белгісі болуы мүмкін. Бірақ бұл біздің жалпыұлттық қазынамыз әрі стратегиялық артықшылығымыз.

Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас қағидаттары.

Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз.

Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз.

Осынау тар жол, тайғақ кешуде еліміздің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтып, барлық қиындықты еңсеріп, мақсатымыздан айнымаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға.

Бұл мерейтой әр азаматтың бақ-берекесін арттыру жолында ұлтымызды ұйыстыратын маңызды белеске айналады деп сенемін.

Біз халқымыздың береке-бірлігін нығайтуға үлес қосқан азаматтарымызға әрдайым құрмет көрсетеміз. Отыз жылда жеткен жетістіктеріміз осындай абзал жандардың еселі еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы. Шын мәнінде, қоғамда татулық болмаса, басқа жұмыстың бәрі бекер болмақ. Береке-бірлігімізді сақтай алмасақ, қастерлі Тәуелсіздігіміздің баянды болуы да екіталай. Еліміздегі тұрақтылықты нығайту үшін Ассамблея мүшелері табанды еңбек етіп келеді. Мен баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын. Алдағы уақытта да ел игілігін арттыруға мол үлес қоса бересіздер деп сенемін.

Мен бүгін бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Енді салтанатты рәсімге көшейік.

Ассамблеяның мерейтойы құтты болсын! Бірлігіміз бекем болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан жасай берсін!

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ БҮГІНГІ СЕНБІЛІККЕ 11 МЫҢНАН АСТАМ ЖЕТІСУЛЫҚ ТҰРҒЫН ҚАТЫСТЫ



Бүгін Жетісуда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбілік ұйымдастырылып, оған жалпы саны 11 мыңнан астам жетісулық тұрғын қатысты - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сенбілікте облыс әкімі Бейбіт Исабаев, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, ауылдар мен қалалардың тұрғындары болды. Тазалық шарасында облыс аумағындағы елді мекендер

түгел қамтылып, көшелердің бойында, саябақ, сквер, аллеяларда санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы осы күні облыс бойынша сенбілікке 11 490 адам, 66 техника жұмылдырылып, 788 тонна қоқыс шығарылды.

- Бүгін сенбілікте Талдықорғандағы Назарбаев көшесінің бойында Қаратал өзенінің маңын тазарттық. Әр сенбіде өткізілетін мұндай шаралар қала тазалығына, экологиялық мәдениетімізді қалыптастыруға өзінің жақсы



әсерін тигізеді деп ойлаймын. Оған қоса сенбі күндері отбасы мүшелерімен бірге өз тұрғын үйіміздің маңайын тазалауды да тұрақты дәстүрге айналдырдық. Жалпы мұндай сенбіліктер қоршаған орта үшін де, тұрғындардың өзі үшін де пайдалы екенін ұғынып, әрқайсымыз да үлес қосуымыз керек, - дейді қала тұрғыны Маржан Серікбаева.

Көктемгі тазалық шараларымен қатар бұл күні көгалдандыруға да көңіл бөлінді. Жалпы биыл 120 мың көшет отырғызу жоспарланған, соның ішінде бүгін «Бәріміз бірге» акциясының аясында 1 360 ағаш отырғызылды, соның 1 160-ы жапырақты, 200-і - қылқан жапырақты.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖКХ МАДИЯРДЫҢ МАҚАЛАСЫ СУРЕТІМЕН АСТЫНА МЕДИА ЖОСПАР

«Жетісу» волейболшы қыздары Азияның клубтық Чемпиондар лигасындағы тұңғыш алтын медалін иеленді



«Жетісу» Филиппин елінде волейболдан әйелдер командалары арасында өткен Азияның Чемпиондар лигасында топ жарды. Ақтық сында талдықорғандық

спортшылар вьетнамдық «Бин Дьен Лонг» командасын 3:1 есебінен ұтып, өз тарихында тұңғыш рет Азия Чемпиондар лигасының алтын медаліне

қол жеткізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, «Жетісу» командасы бұған дейін Азияның клубтық Чемпиондар лигасына тоғыз рет қатысып, екі мәрте – 2010 және 2013 жылдары күміс медаль алған болатын. Ал биылғы чемпионатта алтыннан алқа тағып, осылайша жетісулық команда алдағы қыркүйекте Таиландта өтетін клубтық Әлем чемпионатына жолдама алды.

Атап өтсек, Азия Чемпиондар лигасына Қазақстан, Таиланд, Филиппин, Қытай, Вьетнам, Қытай, Гонконг, Иордания және Иранның үздік әйелдер клубтары қатысқан болатын.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотосурет авторы: Серік Қантаев

ЗАМАНАУИ ВЕТПУНКТТЕРДІҢ САНЫ 5-ТЕН 50-ГЕ ЖЕТТІ

Жетісу облысы құрылғанға дейін өңірде жаңа заман талабына сай салынған 5 ветеринарлық пункт болса, бүгінгі күні олардың саны 50-ге жетті, соның 49-ы – ветпункт, 1-еуі – ветстанция. Ал биыл тағы 17 ветпункт пен 3 ветстанция салу жоспарланып отыр. Сөйтіп, келесі жылы өңірде ветеринарлық пункттер жетіспеушілігі мәселесі толықтай шешіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар облыс әкімінің тапсырмасы бойынша аталған саланың материалдық-техникалық базасы жаңартылып, ветеринария қызметінің мамандарына жұмыс істеуге қолайлы жағдайлар жасалды.

Атап айтқанда, облыс құрылғаннан бері 45 арнайы автокөлік, 217 компьютер, 238 планшет, және басқа да қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды. Биыл тағы 22 арнайы техника сатып алынады. Оған қоса сала мамандарының жалақысы да өсті. Мәселен, орташа жалақы ветеринар дәрігерде - 327 мың теңге, фельдшерде – 206 мың теңге, санитарда – 208 мың теңге.

Облыс аумағында бүгінгі күнгі 2,5 млн бас ауыл шаруашылығы жануарлары бар, олардың барлығы бірдейлендіріліп, компьютерлік дерекқорға енгізілді.

- Қазір ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректер қорының «ISZH-Mobile» мобильді қосымшасы іске қосылғаннан кейін ве-



теринар дәрігерлерге планшеттер сатып әперілді. Планшетпен жұмыс істеу біздің жұмысымызды біршама жеңілдетті әрі жеделдетті деуге болады. Үлкен



шаруашылықтарды, жеке аулаларды аралау барысында атқарылған жұмыс, яғни малды тіркеу, профилактикалық іс-шаралар, екпе жасау бірден сол жерде планшет арқылы базаға енгізіледі, - дейді «Ветеринарлық пункттері бар Талдықорған қаласының ветеринарлық станциясының» ветеринар дәрігері, осы салада он үш жылға жуық уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан Айгерім Бекбосынова.

Жалпы өңірде алдын ала шараларына, соның ішінде заманауи диагностикалық зерттеулерге, екпе жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының қолайсыз ошағының саны 12-ден 4-ке азайтылды. Сонымен қатар 26 көмінді ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестендірілді. Биыл да бұл жұмыстар жалғасуда.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды

Жер аманаты: Жетісуда 502,6 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған

Мәжілісінің депутаттары, «Жер аманаты» комиссиясының мүшелері Мұрат Әбенев пен Бақытжан Базарбек Жетісу облысы Ақсу және Сарқан аудандарына жұмыс сапарымен барып, ауыл шаруашылығының жай-күйімен және жер мәселелерімен танысты.

Бірінші Депутаттар Көкжазық ауылындағы «Жаныс-К» ЖШС-нің көктемгі егіс науқанымен танысты. Қожалықтың иесі Ғалбият Самарқанұлының айтуынша, 500 гектар жердің 120 гектарына қант қызылшасы, 90 гектарына асқабақ, қалған бөлігіне құнбағыс егілген. Биылғы жылы 120 гектар қызылшадан 10 мың тонна, асқабақ пен құнбағыстан 200 тонна өнім алу жоспарлануда. Шаруашылықта 7 трактор, тұқым сеппіштер мен комбайндар бар.

Кездесу барысында қожалық иесі құжат жинау рәсімдерін жеңілдету және диқандардың өнімін сатуға көмек көрсету мәселелерін көтерді. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары жайылымдық жер тапшылығын айтып, бос жатқан жерлерді қайтару қажеттігін жеткізді.

Жалпы, Жетісу облысының жер қоры 11 848,3 мың гектарды құрайды, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы



жерлер 4 718,2 мың гектар. 2022-2024 жылдары пайдаланылмай жатқан немесе мақсатына сай пайдаланылмайтын 1,2 млн гектар жер анықталып, оның 712 мың гектары қайта айналымға тартылды, 502,6 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. 2025 жылы 90 мың гектар жерді қайтару жоспары бекітілген, жылдың басынан бері 36,9 мың гектар жер қайтарылды, бұл жоспардың 40,9%-ын құрайды. Бүгінгі таңда халықтың

жайылымға деген қажеттілігі 476,2 мың гектарды құрайды.

«Жер – халқымыздың ең ба-сты байлығы. Біз «Жер аманаты» арқылы ауыл тұрғындарының игілігіне пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтаруға күш салып отырмыз. Бұл – әділеттілік пен заң үстемдігін қамтамасыз етудің нақты көрінісі. Өрбір қайтарылған гектар – ауылдың болашағына салынған инвестиция», - деді «Жер аманаты» комиссиясының орынбасары Бақытжан Базарбек.

Әкімдер мектебі: ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС – НӘТИЖЕЛІ БАСҚАРУ

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Үкімет пен «AMANAT» партиясының бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Әкімдер мектебі» жобасы аясында «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын ауылдық округ әкімдерімен кездесу өткізді.

Алқалы жиынның басты мақсаты — ауылдық округтерді кешенді дамытудың нақты әрі тиімді жолдарын айқындау, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын кезең-кезеңімен жүзеге асырудың нақты кестесін әзірлеу. Жиынға Жетісу облысының басқарма басшылары, 122 ауылдық округтің әкімі және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Кездесуде жуырда Астана қаласында Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен өткен Өңірлік даму жөніндегі жобалық кеңсе отырысында көтерілген мәселелер де кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, әрбір ауылдық округке жүргізілген скрининг нәтижелеріне сүйене отырып, өңірлік ерекшеліктер мен нақты қажеттіліктерге негізделген экономикалық даму бағдарламаларын дайындау тапсырылды.

«Бүгінгі басқосу — ауыл әкімдерінің жүйелі жұмыс жүргізуіне, жоспарлы есеп беруге және нәтижелі жұмысқа бағытталуына мүмкіндік беретін маңызды алаң. Яғни, әр ауылдық округ бойынша нақты экономикалық даму бағдарламасын әзірлеу қажет. Бұл бағдарлама жәй есеп үшін емес, іс жүзінде жүзеге асырылатын, нақты нәтижесі болатын жоба болуы керек.

Оқу барысында алған білімдеріңіз – ауыл әлеуетін бағалау, суранысты анықтау, маркетингтік талдау, кооператив құру, бизнес-жоспар әзірлеу – осының бәрі енді нақты іске бағытталуы тиіс», — деді «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын.

Кездесу соңында нақты тапсырмалар беріліп, атқарылатын жұмыстар хаттамаға енгізілді. Бұл міндеттер алдағы уақытта барлық деңгейдегі әкімдердің бірлесіп атқаратын жүйелі жұмысына айналмақ.

«Оқу барысында теорияны тәжірибемен ұштастырып, ауылымыздың нақты қажеттіліктерін анықтап, даму бағытын айқындауға мүмкіндік алдық. Енді бұл білімді іске асырып, ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру үшін нақты жобалармен жұмыс істеуіміз қажет. Бұл бастама — ауылдың болашағы үшін жасалып жатқан маңызды қадам», — деді оқудан өткен әкім, Кербұлақ ауданы.

«AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының бастамасымен облыстық мәслихат депутаты Данияр Ахмолдаев сайлаушылармен жоспарлы есеп беру кездесулерін өткізуде. Аталған кездесулер Ақсу ауданына қарасты Жансүгіров, Жаңалық, Қаракөз, Ойтоған, Есенболатов, Қарасу ауылдарының тұрғындарымен өтті.

Кездесулер барысында депутат Жол картасының орындалу барысы туралы баяндады. Нақты атқарылған жұмыстар қатарында: Қызылағаш су қоймасы бойынша 5,3 мың га суармалы жерді іске қосу жобасы басталды. Республикалық бюджеттен 8,1 млрд теңге бөлініп, бүгінгі таңда 8 км құбыр тарту жұмыстары жүргізілуде;

Бүйен су қоймасына техникалық-экономикалық негіздеме жасау үшін облыстық бюджеттен 25,3 млн теңге бөлініп, жобалаушы ұйым анықталды; Жансүгіров пен Қапал ауылдарында ішкі көше жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді;

Арасан ауылында 180 орындық мәдениет үйінің құрылысы басталды; Көшкентал ауылындағы мәдениет үйі мен жаңа мектеп пайдалануға берілді; Ж. Сыдықов атындағы мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Облыстық мәслихат депутаты Ақсу ауданының тұрғындарымен кездесті



Сондай-ақ, Матай және Ашыбұлақ ауылдарында білім беру нысандарының жағдайына қатысты көтерілген мәселелер оң шешімін тауып, жөндеу жұмыстарына қаржы бөлінді.

Есептік кездесулер барысында тұрғындар өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Қарасу ауылдық округіне қарасты Тарас ауылында интернет және ұялы байланыс мәселесі өзекті екені көтерілді. Сонымен бірге, жол инфрақұрылымын жақсарту қажеттігі де айтылды. Бұл мәселелер бойынша депутат тарапынан тиісті органдарға депутаттық сауалдар жолданатын болады.

«Халықпен кері байланыс — мен үшін ең маңызды бағыттардың бірі. Әр ұсыныс пен өтініш назардан тыс қалмайды. Барлық көтерілген мәселелер бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, нақты нәтижелерге қол жеткізіледі. Ортақ мақсатымыз — тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, ауылдың дамуына үлес қосу», - дейді депутат Данияр Ахмолдаев.

Бұл кездесулер — халықпен бірге даму, халықпен бірге шешім қабылдау — шынайы өзгерістердің бастауы. Өрбір ұсыныс — болашаққа бастар нақты қадам.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.



Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Бұл соғыс кезінде әрбір қазақстандық майданға аттанып, Отанын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс дала-сында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып, лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып жатқан тұлғалар аз емес. Адам өткенін жақсы білмей, болашаққа нық қадам баса алмайды. Ұлы Жеңіске биыл 80 жыл толып отыр. 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп

Жеңіс жолдары...

кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты. Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған. 9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы.

Сұрапыл жылдары тылда еңбек еткен еңбеккер майдангерлерге де қолдау көрсетіп, «Майдан үшін», «Жеңіс үшін» деп ұрандап тайсалмай жанын салып еңбек етті. Қазақстанда зауыт - фабрикалар, ауылшаруашылығы өндірісі соғыс қажеттілігіне жұмыс істеді. Елдегі тұрғындар күндіз - түні еңбек етіп, майданға азық - түлік, киім - кешек, қару - жарақ жіберіп отырған. Бұл да Жеңіске қосылған зор үлес болды.

Жеңісті жақындатуға тырысқан зиялы қауым өкілдері Жамбыл Жабаев бастаған ақын - жазушылар өз шығармаларымен, әншілеріміз қазақтың мандай алды қыздары Күләш Байсейітова мен Роза Бағланова өсем әнімен сарбаздарға рух сыйлады. Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңінен күш жинап, қайраттанған сарбаздар «Жеңіс» деп ұрандап алға ұмтылды. Сұрапылда өз ерен ерлігін көрсете білген қазақ азаматта-



ры Панфилов дивизиясының құрамында шайқасқан жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы, Екі мәрте Кеңес Одағы батырын алған жалғыз қазақ ұшқыш Талғат Бигелдинов, партизандық қозғалыс өкілі, жазушы Қасым Қайсенов, минометші Кеңес Одағының батыры Қарсыбай Сыпатаев, қазақтың қос шынары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовалар, Днепр үшін ұрыста 18 жасар ең жас қазақстандық Кеңес Одағы батыры атағын алған Жәнібек Елеусізов өр халықтың ұрпағы

екенін дәлелдеді.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Осы сұрапыл майдан алаңына Қапал өңірінен де сарбаздар аттанды. Олар - Қазбеков Шакен, Алдабергенов Қызыбай, Байсихов Асылбек, Адилев Сапар, Хусаинов Діқанбай, Смағұлов Амантай, Моисеев Гаврил, Кентбаев Әкібай, Измаилов Балатұрсын, Леонид Алексеевский, Владимир Жуков, Исаев Қасаболат сияқты атала-

рымыз өз елі үшін, жері үшін қан төгіс майданда ерлік көрсеткен. Бізді осындай бақытты күнге жеткізген аталарымызға бас иіп, тағзым ете отырып, қияң-кескі ұрыста көрсеткен ерліктерімен Отанға деген махаббаттары туралы еске ала жүру артындағы ұрпақтары үшін үлкен парыз.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», - дей келе Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай ата - бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Бүгінгі ұрпақ, біздер, сабыттымыз, қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешудеміз. Өйткені, біз аталарымыз көрген азапты, қасіретті зұлмат соғысты көрген жоқпыз. Майдангерлеріміз бұл жеңіс күнін біздерге сыйлады, келесі ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз.

Халқымыз тыныш, еліміз аман болсын!

Бекзат КЕНЖЕХАНОВА,
Ақын Сараның
мемориалды музейінің қор
сақтаушысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙГЕ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАН ЖАЛДАҒАН ТҰРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ АУДАН БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІ

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Өтініш берушінің аты-жөні	Кезек нөмірі	Мекенжайы	Кезектің кіші санаты	Кезекке қою күні	Туыстар саны
НҰРПЕЙІСОВА ГҮЛНӨР МАРАПХАНҚЫЗЫ	57	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:Жамбыл КӨШЕСІ; Үй/Үй: 2; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 2	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	26.05.2020 08:37:10	3
ҚАДЫРМОЛДАНОВ АЗАМАТ КЕҢЕСХАНҰЛЫ	58	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Қабанбай Батыр; Үй/Дом: 43; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 16	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	11.06.2020 16:02:37	2
ЖАЗЫЛБЕКОВА ӨСЕМГҮЛ НЕСІПБЕКҚЫЗЫ	59	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Тәуелсіздік; Үй/Дом: 101; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	16.07.2020 10:50:43	3
АТАШЕВА ЛӨЗЗАТ МАҚСҰТҚЫЗЫ	60	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Шоңай Батыр; Үй/Дом: 181; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Мемлекеттік қызметші	28.07.2020 11:34:08	0
ЖАҢЫЛДЫҚОВА ЖАЗИРА СЕЙІТХАНҚЫЗЫ	61	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Қаныш Сәтбаев; Үй/Дом: 28; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	29.07.2020 14:58:06	2
ЖАҚЫПОВ СЕРІКҚАН АМАНГЕЛДІҰЛЫ	62	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Кенесары Сақалбаев; Үй/Дом: 11; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 1	Мемлекеттік қызметші	11.08.2020 16:25:35	4
ҚҰРМАНОВА СВЕТЛАНА ТАЛҒАТҚЫЗЫ	63	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:Абай КӨШЕСІ; Үй/Үй: 11; Ғимарат: -; Пәтер/Пәтер: 2	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	03.09.2020 16:24:17	0
ЖҰМАҒАЗИНОВА МӨЛДІР САЯТҚЫЗЫ	64	Қала/Город: Аксуский, Ақсу; Көше/Улица:УЛИЦА Кенсаба Омаров; Үй/Дом: 2; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	16.09.2020 15:51:54	3
СӘДУАҚАСОВА ГҮЛШАТ ЖАНҰЗАҚҚЫЗЫ	65	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Ғани Мұратбаев; Үй/Дом: 11; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 6	Мемлекеттік қызметші	21.09.2020 09:12:22	1
ҚҰАТБЕКОВ ДАНИЯР МӨЖІТҰЛЫ	66	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Тәуелсіздік; Үй/Дом: 114; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Мемлекеттік қызметші	24.09.2020 12:59:13	0
КЕМЕРБАЕВ БАҚЫТЖАН БЕКЕНҰЛЫ	67	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Тәйірберген Қалилаханов; Үй/Дом: 75B; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 2	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	06.10.2020 10:41:22	1
СЕЙСЕМБАЕВА МАРЖАН СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ	68	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Қуат Терібаев; Үй/Дом: 18A; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	21.10.2020 11:23:45	3
АЙДИНОВА ШАҒАЛА АЙДЫНҚЫЗЫ	69	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА ҚАНЫШ СӨТБАЕВ; Үй/Дом: 52; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	03.11.2020 12:08:53	0
РАХМАНОВА ФАРИЗА ӘНУАРТҰРАЙҚЫЗЫ	70	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Әлия Молдағұлова; Үй/Дом: 12; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	06.11.2020 14:41:30	1
РАХМАНОВ АБЛАЙ АНУАРҰЛЫ	71	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Әлия Молдағұлова; Үй/Дом: 12; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	06.11.2020 16:10:56	0
МҰХАМЕДИЕВА МАРАЛ МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ	72	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Ғани Мұратбаев; Үй/Дом: 9; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 5	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	09.11.2020 15:36:34	1
МҰҚАШЕВА ДИНАРА ДҮЙСЕТАЙҚЫЗЫ	73	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Нұрсұлтан Есеболатов; Үй/Дом: 1A; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 1	Мемлекеттік қызметші	12.01.2021 18:13:36	4
АҚЫЛБАЕВА СЫМБАТ МОЛДИЯРОВНА	74	Қала/Қала: ЕСЕБОЛАТОВА; Көше/Улица:ТОҚТАРБЕК АЛЫБАЕВА; Үй/Дом: 13; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	16.02.2021 16:32:47	4
БАЗАРБАЕВА ГҮЛШАТ МҰРАТХАНҚЫЗЫ	75	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:Роза Рахымбеков КӨШЕСІ; Үй/Үй: 17; Ғимарат: -; Пәтер/Пәтер: 1	Мемлекеттік қызметші	13.03.2021 00:27:35	4
ҚҰСАЙЫНОВА АЛМАГҮЛ ҚУАНЫШҚЫЗЫ	76	Қала/Қала: ЖАНСҮГІРОВ көшесі; Көше/Улица:ЖЕЛТОҚСАН; Үй/Үй: 20; Ғимарат: А; Пәтер/Пәтер: 4	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	12.04.2021 11:15:42	3
ШЫНДӨУЛЕТ МАНЖАН МАҚСАТҰЛЫ	77	Қала/Қала: Есеболатовский, Есеболатова; Көше/Улица:УЛИЦА Жамбыл Жабаев; Үй/Дом: 17; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	20.04.2021 15:43:48	0
ШЕРМУХАН ТОЛҚЫН МҰРАТҚЫЗЫ	78	Қала/Қала: Жансүгіров, Көкөзек; Көше/Улица:УЛИЦА Ыбырай Алтынсарин; Үй/Дом: 13; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	28.05.2021 09:50:55	3
САЙЛАУБЕК АБЫЛАЙ АЙДОСҰЛЫ	79	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Тоқтар Әубәкіров; Үй/Дом: 3; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 2	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	09.06.2021 16:52:55	0
БОРАНХАНОВА ҒҰНДЫЗ МҰРАТХАНҚЫЗЫ	80	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Қаныш Сәтбаев; Үй/Дом: 87; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	14.07.2021 10:52:45	0
ҚҰАТҚЫЗЫ АНАР	81	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Әлия Молдағұлова; Үй/Дом: 2; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 5	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	26.07.2021 17:05:05	0
МОЛДАБЕРГЕНОВ АСХАТ БОРАМБАЕВИЧ	82	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Желтоқсан; Үй/Дом: 37; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 8	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	30.07.2021 10:35:07	1
БОРАНБАЙҚЫЗЫ ГҮЛНҰР	83	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Бауыржан Момышұлы; Үй/Дом: 12; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 1	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	01.09.2021 14:35:02	0
ЕСКАЗИНОВ ҚАНАТБЕК ТҰРАБЕКҰЛЫ	84	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Қанапия Махмұтов; Үй/Дом: 7; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Мемлекеттік қызметші	09.09.2021 15:20:51	3
СӨПИЕВА САБИНА ЖАНДАРХАНҚЫЗЫ	85	Қала/Город: Карасуский, Кенжыра; Көше/Улица:Мектеп КӨШЕСІ; Үй/Үй: 8; Ғимарат: -; Пәтер/Квартира: -	Мемлекеттік қызметші	30.09.2021 14:50:51	3
НҰРТАЙ ЕЛДОС	86	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Қаныш Сәтбаев; Үй/Дом: 35; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	15.10.2021 17:02:14	0
ӨБІЛХАМИТ ЕРЛАН САМАТҰЛЫ	87	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:Роза Рахымбеков КӨШЕСІ; Үй/Үй: 30/2; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Мемлекеттік қызметші	29.10.2021 17:56:15	0
РАМАЗАНОВА ҚАРЛЫҒАШ ҚОЖАХМЕТОВНА	88	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Нүсіпбек Сүлейменов; Үй/Дом: 2; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 6	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	20.11.2021 22:07:53	2
САТТАҒҰЛ САРАЙЫ	89	Қала/Қала: Қапал, Қапал; Көше/Улица:Әл-Фараби КӨШЕСІ; Үй/Үй: 33A; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	02.12.2021 11:39:51	3
ХҰАНҚЫЗЫ САЛТАНАТ	90	Қала/Қала: Қапал, Қапал; Көше/Улица:Әл-Фараби КӨШЕСІ; Үй/Үй: 5; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Мемлекеттік қызметші	07.12.2021 14:28:21	0
КЕНЖЕБАЕВА АЙНҰР ЕЛЕУБЕКҚЫЗЫ	91	Қала/Қала: Қаракөз, Қаракөз; Көше/Улица:Абай КӨШЕСІ; Үй/Үй: 29; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	08.12.2021 11:28:07	4
ДАЙЫНОВА АЙНҰР РЫСБАЕВНА	92	Қала/Қала: Жаңалық, Жаңалық; Көше/Улица:УЛИЦА Жаңатілеу; Үй/Дом: 22; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	10.12.2021 11:10:14	3
БАРИЕВА ӨСЕЛ ШОРМАҚҚЫЗЫ	93	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Нұрбола; Үй/Дом: 81; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 1	Мамандандырылған мемлекеттік органдардың қызметкерлері	24.12.2021 15:44:27	0
СЕЙІТОВА ӘСИЯ ЕРМҰХАНБЕКҚЫЗЫ	94	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Нұрсұлтан Есеболатов; Үй/Дом: 46; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Мемлекеттік қызметші	28.12.2021 10:13:30	0
РЫСҚҰЛОВА АЛМАТАЙ ҚИЯҚПАЙҚЫЗЫ	95		Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	24.01.2022 12:40:50	0
ОТАРБАЕВА АРАЙЛЫМ ҮСЕНОВНА	96		Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	26.01.2022 14:39:56	1
СҮЙДИНАЛИЕВА ИНДИРА АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ	97		Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	03.02.2022 11:04:35	2
НҰРҒАЛИ АҚЕРКЕ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ	98	Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Қапал ауылы, Мұса Жәлел көшесі, 9/2 үй	Мемлекеттік қызметші	10.02.2022 22:07:11	4
РАМАЗАНОВ ДИАС КЕНЖЕХАНҰЛЫ	99	Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Қапал ауылы, Өл-Фараби көшесі, 15-үй	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	15.02.2022 19:50:42	3
МҰҚАШЕВА ДИАНА НҰРДӨУЛЕТҚЫЗЫ	100	Ақсу ауданы, Жаңалық ауылы, Жаңалық ауылы, Құмжарған көшесі, 14-үй	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	03.03.2022 17:19:35	5
СОВЕТХАНҚЫЗЫ ІҢҚӨР	101	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Нұрсұлтан Есеболатов көшесі, 3 үй, 2 пәтер	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	15.03.2022 11:45:50	3
ЖАҚЫПБЕКОВ ЕРКЕБҰЛАН ЖЕТПИСБАЕВИЧ	102	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Нұрсұлтан Есеболатов көшесі, 3 үй, 2 пәтер	Мемлекеттік қызметші	28.03.2022 11:13:56	5
БАЙБОЛОВА МӘНШҮК АЛМАСҚЫЗЫ	103	р-н Аксуский, с.о. Жансугуровский, с. Жансугуров, ул. Тәуелсіздік, д. 9	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	01.04.2022 17:15:10	1
АРҒЫМБАЕВА ГҮЛЫНАРА ТОҚТАРОВНА	104	р-н Аксуский, с.о. Карасуский, с. Кенжыра, ул. Шоқан Уәлиханов, д. 3	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	05.04.2022 11:51:45	4
КЕНЖЕҒАЛИЕВА НАЗЫМ ҚАНАТҚЫЗЫ	105	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Әлия Молдағұлова көшесі, 9-үй	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	06.04.2022 16:23:24	1
ҚЫДЫРЖАНОВА АСЫЛ МАРАТҚЫЗЫ	106	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Нұрсұлтан Есеболатов көшесі, 64А үй	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	13.04.2022 16:34:26	1

Өтініш берушінің аты-жөні	Кезек нөмір	Мекенжайы	Кезектің кіші санаты	Кезекке қою күні	Туыстар саны
САЛАМАТ САНА	197	Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылы, Қызылағаш ауылы, Н.Әйтебаев көшесі, 6 үй	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	29.01.2025 09:14:48	0
ТОЙБОЛДИН МОЛДИЯР ҚУАНЫШҰҰЛЫ	198	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Төңірберген Қалилаханов көшесі, 24-үй	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	20.02.2025 16:48:56	0
АЙКЕНОВА МАДИНА АМАҢГЕЛДІҚЫЗЫ	199	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, аниі Мұратбаев көшесі, 7 үй, 4 пәтер	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	26.02.2025 17:28:40	3
ТОҚБЕРГЕНОВ ІЛІЯС НҰРЛАНҰЛЫ	200	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Толғанбай Ақын көшесі, 39 үй, 2 пәтер	Мамандандырылған мемлекеттік органдардың қызметкерлері	27.02.2025 15:49:41	4
ДОСЖАНОВА АЙДАНА БЕКЗАТҚЫЗЫ	201	Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Қапал ауылы, Марат Алыбаев көшесі, 24 үй, 9 пәтер	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	05.03.2025 15:15:08	2
ЗЕКЕН ЕРКІН СЕРІКБАЙҰЛЫ	202	Ақсу ауданы, с.о. Есеболатовский, с. Есеболатова, Абай көшесі, 53 үй	Мемлекеттік қызметші	01.04.2025 15:35:50	0
ДЕЛДЕВ АЛМАЖАН	203	Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылы, Қызылағаш ауылы, Жібек Жолы көшесі, 4 үй	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	07.04.2025 12:22:40	1

ЖАЛҒЫЗ БАСПАНАСЫ АПАТТЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ

Өтініш берушінің аты-жөні	Кезек нөмір	Мекенжайы	Кезектің кіші санаты	Кезекке қою күні	Туыстар саны
ҚАЛЫҚБАЕВА ГҮЛСІМ БОЛАТХАНҚЫЗЫ	1	Қала/Қала: ЕСЕБОЛАТОВА; Көше/Көше:МҰҚАН ТӨЛЕБАЕВА; Үй/Үй: 46; Ғимарат: -; Пәтер/Пәтер: -	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	14.06.2021 12:36:24	4
САРҚҰЛОВА НҰРСАРА АХМЕТБЕКҚЫЗЫ	2	Қала/Қала: Есеболатовский, Есеболатова; Көше/Улица:УЛИЦА Жамау Бұхарбай; Үй/Дом: 8; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	02.07.2021 16:35:36	4
АБАЙ ДИАНА	3	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай Батыр көшесі, 35 үй, 7 пәтер	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	12.04.2022 16:55:27	0
ЕСБОЛАТОВА ОРАЛХАН ЖУМАШЕВНА	4	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай Батыр көшесі, 35 үй, 3 пәтер	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	19.05.2022 10:51:40	0
ҚҰРМАНҒАЛИЕВ АСЛАН КӨРІМҰЛЫ	5	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай Батыр көшесі, 35 үй, 2 пәтер	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	26.07.2022 11:21:37	5
БИМОЛДАНОВА ДӨМЕТКЕН	6	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Амангелді көшесі, 1 үй, 3 пәтер	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	07.09.2022 16:21:41	0
РАҚЫШ ДИНАРА ТАҢЖАРЫҚҚЫЗЫ	7	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай Батыр көшесі, 35 үй, 5 пәтер	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	02.11.2022 11:32:38	4
ҚОЖАҚАЕВА БОТАКӨЗ ӘЛИАЙДАРҚЫЗЫ	8	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Есмұрат Сиқымов көшесі, 6 үй	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	29.08.2023 17:28:51	0
АҚБАШЕВА ГАЛИНА ВЛАДИМИРОВНА	9	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Нұрсұлтан Есеболатов көшесі, 56-үй	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	06.09.2023 15:49:52	0
ЖАКСЫЛЫКОВА КАМШАТ КУДАЙБЕРГЕНОВНА	10	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Алтынарық ауылы, Абай көшесі, 28-үй	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	11.01.2024 11:05:46	0
ҚАДЫРӘЛІ БАҚБЕРГЕН	11	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 2А үй	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	11.04.2024 10:00:16	5
МОЛДАҒАЛИЕВ ШЫНДАУЛЕТ ОМИРБЕКОВИЧ	12	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Амангелді көшесі, 20 үй, 3 пәтер	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	10.06.2024 17:05:45	0
МАРАТОВА АЛУА МАРАТҚЫЗЫ	13	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Ораз Жұмашев көшесі, 65-үй	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	09.07.2024 12:13:49	4
МӘУІЛШӨРІП РАЙЫС	14	р-н Аксуский, с.о. Жансугуровский, с. Жансугуров, ул. Тәуелсіздік, д. 179	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	13.08.2024 10:59:35	6
БОГДАНОВА НАДЕЖДА ЕВГЕНЬЕВНА	15	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай Батыр көшесі, 35 үй, 4 пәтер	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	05.11.2024 15:20:10	1
ЕРДЕНБЕКОВА АЙНАГҰЛ КОПЖАСАРОВНА	16	Ақсу ауданы, Жаңалық ауылы, Жаңалық ауылы, Құмжарған көшесі, 6 үй	Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	06.12.2024 15:43:44	0

#ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП

ЖЕТІСУ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ АПАТТАРДЫҢ КӨБЕЮІ: АЛАҢДАТАРЛЫҚ ҮРДІСТЕР МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Өңірдегі жол қозғалысының жағдайы күрделі күйінде қалып отыр: 2025 жылдың бірінші тоқсанында, жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) саны 2024 жылмен салыстырғанда 175%-ға өсіп, зардап шеккендер саны 124,2%-ға артты.

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында жалпы саны 220 жол апаты тіркеліп, 343 адам жарақат алды. Апат-тар санының өсуіне қарамастан, қаза тапқандардың саны өзгеріссіз қалды — 29 адам (2024 жылмен салыстырғанда 11 адамға көп). Ең үлкен алаңдаушылық тудыратын мәселе — балалардың жарақаттануы. Кәмелетке толмағандардың зардап шегу жағдайлары 44,8%-ға өсіп, 58 оқиғаны құрады (оның ішінде 4 бала қаза тауып, 54-ы жарақат алды).

Жетісу облысындағы жол апаттарының көпшілігі елді мекен-дерде орын алған — 162 жағдай. Со-нымен қатар, республикалық және облыстық маңызы бар тас жолдар-да 31 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Ең көп апат Талдықорғанда орын алған (83 жағдай). Ауылдық аудан-дарда жағдай әртүрлі: Панфилов ауданында — 62, Көксу ауданында — 17, Ескелді ауданында — 16 жол апаты тіркелген.

ЖКО-ның негізгі себептері: Жылдамдықты арттыру — 40, Жол белгілерін елемей — 26, Жаяу жүргіншіге жол бермеу — 44, Маневр жасау ережелерін бұзу — 19.

Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі өңірде жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі өзекті мәселе бо-лып отыр. 2025 жылдың бірінші тоқсанында 71 жаяу жүргіншіні қағып

кету оқиғасы тіркелген. Оның ішінде 6 адам қаза тауып, 69 адам жарақат алды. Балалардың қатысуымен болған оқиғалар саны өсіп келеді — 23 кәмелетке толмаған бала жолдан өту кезінде жарақат алды.

Жаяу жүргіншілерге қатысты ең көп жол апаты: Талдықорғанда — 33, Панфилов ауданында — 19, Ескелді ауданында — 6. Статистикаға сәйкес, апаттар көбінесе таңертең және кешкі уақытта орын алады: 07:00 - 09:00, 13:00 - 15:00, 18:00 - 22:00 аралығында.

Мас жүргізушілер мәселесі Жол қозғалысының қауіпсіздігіне тағы бір үлкен қауіп — мас жүргізушілер. 2025 жылы 7 жүргізуші көлікті алкогольді масаң күйде басқарғаны үшін ұсталды, Жүргізуші куәлігінен айырылған, бірақ рөлге отыруды жалғастырған адамдардың көлік жүргізу жағдайлары анықталмаған.

Алдын алу шаралары Жағдайды тұрақтандыру үшін мемлекеттік органдар мен жол қозғалысына қатысушылардың бірлескен әрекеттері қажет. Жүргізушілерге жылдамдық режимін қатаң сақтау, жол ережелерін бұзбау, Жаяу жүргіншілерге сақ болу және жол қозғалысы ережелерін қатаң ұстану қажет.

Тек ортақ жауапкершілік арқылы жол-көлік оқиғаларын азайтып, адамдардың өмірін сақтап қалуға болады.

А.Б.ТӨРЕБЕКОВ, ҚР БП ҚСЖАЕК-нің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы аға әділет кеңесшісі.

● 101 ХАБАРЛАЙДЫ!

АУДАН АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Жағуға болмайды! Ақсу ауданы тұрғындарының назарына! Шабындық жерлерді, көшені және аула ішін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыңыз қажет.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құққұбұзушылық туралы» Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ САҚ БОЛҢЫЗДАР !

Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып та-былады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың ұшқындарын қалыптастырып, өрт орын алады.

Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына бай-ланысты дала өрттерінің орын ала-ды. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пай-да болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктерінен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан, ашық алаңқайда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далалы аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шарала-рын сақтап, өте мұқият болуы қажет.

Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез

жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы ке-рек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Әрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшекелерін және өрт сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата-аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата-аналар балаларға сіріңкемен ойнауға болмайтынын түсіндіру ке-рек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

Құрметті аудан тұрғындары!

- Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар.

- Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар.

- Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.

- Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық ауаларының, га-раж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.

- Жанған сіріңке мен темекі тұқылдарын лақтырмаңыздар.

- Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.

- Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірусіз қалдырмаңыздар. Егер-де сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін).

Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.

Азамат КАДЫРМОЛДАНОВ, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ҚОҚЫСТЫ РҰҚСАТСЫЗ ӨРТЕГЕНІ ҮШІН АЙЫППҰЛ САЛЫНУЫ МҮМКІН

Жыл сайын көктемнің басталуымен өрт пен өртке шығу санының өсуі байқалады. Әдетте, осы кезеңде қоқысты, құрғақ шөпті және сабанды рұқсатсыз жағу орын алады, бұл өрттің өсуін арттырады. Құрғақ өсімдіктердің жануының себептері сөндірілмеген от, ұқыпсыз тасталған темекі тұқылдары мен сіріңкелер, құрғақ шөптер мен қоқыстарды қасақана жағу болып та-былады. Осыған байланысты, табиғатқа шыққанда және үй маңындағы учаскелерді жинау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет. Қалдықтарды өртеу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 336 және 410-баптарына сәйкес айлық есептік көрсеткіштің үштен жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қоқысты тек осы үшін арнайы бөлінген орындар-да желсіз ауа райында кез келген ғимараттардан, құрылыстардан және сақталған материалдардан

кемінде 50 метр қашықтықта алғашқы өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіштер, су) болған кезде жағуға жол беріледі. Қоқыс жағылатын алаң құрғақ шөптер мен жапырақтардан тазартылуы тиіс. Қоқысты жағу тек күндізгі уақытта, тұрақты бақылаумен жүргізілуі тиіс. Қоқысты өртегеннен кейін отты мұқият сумен толтыру керек. Сөндірілмеген отты қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Кептеген азаматтар үшін аулада жиналған қоқысты полигонға шығарғаннан гөрі өртеу оңайырақ. Алайда, қоқысты жағу кезінде абайсыздық пен немқұрайлылық өртке әкеліп, қалпына келтірілмейтін зиян келтіруі мүмкін.

Естеріңізде болсын, өрт өшіргеннен болдырмаған жолдарын жөн!!!

Б.ЕЛТАЕВ, Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау аға лейтенанты.

● 1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ

Бірлікті ел бұзылмас



Баршаңыз білетіндей Қазақстан бүгінде ұлттар мен ұлыстар мекендеген достық пен туысқандықтың, ынтымақ пен ырыстың ордасына айналып отыр. Өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсеткен елдің бүгінде бірлігі жарасқан. "Бірлікті ел бұзылмас" демекші Барлық еліміздегі сияқты біздің ауданымызда да қаншама ұлт өкілдері тату - тәтті өмір сүруде. Кейбірімен бір салада бірге қызмет жасап, сыйласып, дос болып, әріптес болып келеміз.

Биыл аса береке - бірлігімізді ұйыстырып отырған Қазақстан халқы ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қарсаңында мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Төкеұлы Қазақстан халқы ассамблеясының XXXIV сессиясында сөз сөйлеп, "Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты" - деп Ассамблеяның керемет мүмкіндіктерін ашып айтты.

Бүгінгі күннің басты мақсаты – Ел Президенті Қасым - Жомарт Тоқаев қойған аса маңызды міндеттерді жүзеге асыру. Қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға әрбір қазақстандық этномәдени бірлестіктер мен азаматтық қоғам, саяси партиялар үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Әлем елдерінде болып жатқан түрлі саяси қиын жағдайлардың Қазақстанға әсер етпеуін басты назарға алуымыз керек. Сондықтан, қазіргі таңда біз үшін этносаралық бірлік өте маңызды. Қай уақытта болмасын этномәдени қатынастардың орны мен өзектілігі қоғам, мемлекет үшін, әсіресе көпұлтты Қазақстан үшін ерекше маңызды.

Иә, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат. Олай болса, Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бейбітшілік пен тұрақтылық және ұлтаралық келісім – мемлекетіміздің ең басты негізі, рухани байлығы. Иә, қазақ – қашаннан бауырмал халық. Әр кезеңде елімізден пана іздеп келген өзге ұлт өкілдерінің бәріне құшағын ашып, төрінен орын беріп, қандай қиын сәттердің өзінде бір үзім нанды бөлісіп жеген елміз. Қаймағы бұзылмаған қазақ жері бүгінде көпұлтты мемлекеттің бірі болып, әлемге бейбіт сүйген ел ретінде танылды. Қазіргі күні елімізде 130 ұлт пен ұлыстың өкілдері бір тудың астында тату - тәтті ғұмыр кешіп жатыр.

1 мамыр – әрбір қазақстандық үшін Отанға сүйіспеншілік сезімінің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық бірліктің мерекесі. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық біздің ең маңызды байлығымыз болғандықтан, бұл жетістікті бағалап, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әрбір Қазақстан азаматының міндеті.

Ендеше, елдегі татулық пен ынтымағымыз бекем болсын, - деп тілеймін. Алға қойған арман - мақсаттарға ауызбіршілікпен жете берейік!

Айдана МУКАЖАНОВА,
Суықсай ауылдық мәдениет үйені әдіскері.

ЖЕҢІС ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН
ЖАС ПАТРИОТТАР

Биыл барша ел болып Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толуын ерекше құрметпен атап өтудеміз. Бұл – ел тағдыры үшін ерен ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың рухына тағзым ету, олардың аманаттаған бейбіт өмірін қадірлеу жолындағы шаралардың легі. Жеңіс мерекесіне орай еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылып жатқан әскери-патриоттық, спорттық бағыттағы шаралар жас ұлақты отансүйгіштікке тәрбиелеуді көздейді.



Жарыс барысында қатысушылар арнайы құтқарушы киімін уақытқа кию, шланг пен гидранттарды уақытқа жалғау, кедергілер жолағынан өту, командалық эстафета сынды кезеңдерде

арналған аудандық «Айбын» әскери-патриоттық ойынында да мектеп командасы өз шеберліктерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл сайыста Ерікұлы Бағлан АК-74 автоматын бөлшектеп-жинақтау бойынша үздік нәтиже көрсетіп, бағалы сыйлықпен және мадақтамамен марапатталды.

Оқушылардың бұл жетістіктерінің негізінде мектепте жүргізілетін жүйелі әрі мақсатты дайындық жатыр. Оқу ордамызда әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары жыл бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Әсіресе, алғашқы әскери дайындық пәні бойынша оқушылардың физикалық дайындығы, тәртіп пен жауапкершілік, командалық жұмыс дағдылары қалыптастырылады. Аталған бағыттағы сабақтарды тәжірибелі, әрі білікті маман Көптеуов Жарқын Жекенұлы жүргізеді. Ұстаздың жетекшілігімен оқушылар түрлі жарыстарға жүйелі түрде қатысып, үздік нәтижелер көрсетуде.

Мектебіміздің басты мақсаты – біліммен қаруланған, елжанды, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Осындай жарыстар арқылы оқушылар бойында отансүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық пен төзімділік қасиеттері нығая түспек. Бүгінгі жас – ертеңгі ел қорғаны. Жеңіс рухын жалғаған жас патриоттарымыз көп болсын!

Ардақ ҚЫДЫРМАНОВА,
«Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Сондай игі бастамалардың бірі – аудандық «Жас құтқарушы» слеті. Бұл жарыста Ж. Сыдықов атындағы орта мектебінің командасы бақ сынап, жоғары нәтижемен І орын иеленді. Жеңіс тұғырынан көрінген шәкірттеріміз жүлделі сыйлықтармен марапатталды.

өз дайындықтарының жоғары деңгейде екеніне көз жеткізді. Команда құрамындағы Ерікұлы Бағлан, Рақыманұлы Ертілек, Ермұрат Жәнібек, Нұргелдіұлы Айбек, Койков Илья, Қасен Ислам атты оқушыларымыз – мектеп мақтаныштарына айналды. Сондай-ақ, Жеңіс мерекесіне

ЕСКЕ АЛУ

Өмір-ай, марқұм Гариф Аминұлының жылдық асы да берілмекші екен. Еске ала, арты қайырлы болсын деген ниетпен «Еді Гариф азамат!» екі ауыз арнаймын!

Адалдығы тым бөлек,
Адамдығы бір ерек.
Қапал-Гариф атанған,
Емші тұлға бәйтерек.
Сөзге нық ұтылмаған,
Мүдіріп мұтылмаған.
Жала, пәле жаппайтын,
Тарығып тұтылмаған.
Достарын өз жақтаған,
Тайсалмаған, қайтпаған.
Шын пейілмен ел емдеп,
Зейнетте тек жатпаған.
Төрге шықса ақылдар,
Құптап жасты мақұлдар.

Отырыста гүл еді,
Шат-шадыман жарқылдар.
Тегіне сай алып кен,
Көзім жетті анық мен.
Өренің жетсін өркен,
Түлеп бірге халықпен.
Сыйластық пен салауат,
Тілеп қайыр, қанағат.
Құран-дұға бағыштадық,
Барша қауым, жамағат.
Еді Гариф азамат!

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.



АҚСУ АУДАНЫНДА J LEAGUE ЖОБАСЫ АШЫЛДЫ – 65 КОМАНДА ҚАТЫСУДА

Ақсу ауданы, І.Жансүгіров ауылында жасөспірімдер арасында көптен күткен J League жобасы ресми түрде ашылды. Бұл жоба салауатты өмір салтын насихаттау, жастарды спортқа баулу және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында іске қосылған маңызды ба-
стама.

Аталған жоба аясында футбол, волейбол, баскетбол сияқты танымал командалық спорт түрлері қамтылып, жасөспірімдерге жан-жақты даму мүмкіндігі беріліп отыр. Жобаның ашылуына орай ұйымдастырылған салтанатты шара І.Жансүгіров ауылында жоғары деңгейде өтті. Оған аудан басшылығы, мектеп өкілдері, жаттықтырушылар мен атаналар қатысты. Салтанатты жиында қатысушыларға сәттілік тілініп, жобаның болашақтағы маңызы ерекше атап өтілді.

Жалпы, J League додасына Ақсу



ауданының әр елді мекенінен 65 команда қатысуда. Бұл командалар 10-17 жас аралығындағы оқушылардан құралған. Әр спорт түрінен білікті жаттықтырушылар тағайындалып, қатысушыларға техникалық және тактикалық дайындықтар жүргізілуде.

Жоба барысында тек жарыстар ғана емес, сондай-ақ тәртіп, командада жұмыс істеу, спорттық мәдениет және салауатты өмір салты бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылуда.

J League жобасы – бұл ауыл жастары үшін үлкен мүмкіндік. Ол тек спорттық шеберлікті ғана емес, сондай-ақ көшбасшылық, тәртіп пен жауапкершілікті де дамытатын маңызды алаң болып отыр.

Б.ПАЗЫЛЖАНОВ,
спортты дамыту және бұқаралық спорттық ойындарды өткізу филиалы КММ - нің Ақсу ауданы бөлімінің спорт нұсқаушысы.

"АҚСУ Өңірі"

Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"

Құрылтайшы, директор -
бас редакторы

ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ

ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан

Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі

Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы

16 қараша айында
есепке қойылды. Күздік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған

мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.

Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,

Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2827



Директор - бас редактор

- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.



Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru

Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.